## 3. Тәрбиеленушілердің отбасымен өзара қарым-қатынас

### 3.1 Ата-аналар жиналысы

| Уақыты | Іс-шара атауы | Мазмұны | Жауапты |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | Ата-аналар жиналысы «Балаңыздың басты ұстазы өзіңізсіз» №1 – «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер» | Балабақша жұмыс жоспарын таныстыру, топ тәртібі, қауіпсіздік ережелері | Әдіскер, тәрбиеші |
| **Қаңтар** | Ата-аналар жиналысы №2 – «Баланың дамуы: бірінші жартыжылдық қорытындысы» | Балалардың даму картасын талдау, үйдегі қолдау жолдары | Әдіскер, тәрбиеші |
| **Мамыр** | Ата-аналар жиналысы №3 – «Жазғы қауіпсіздік пен денсаулық» | Жаз мезгілінде баланың қауіпсіздігі, шынықтыру шаралары, демалыс жоспары | Әдіскер, медбике |

### 3.2 Ата-аналар мен балалар біріккен іс-шара жоспары (Конкурстар,Акциялар,мерекелер, ойын сауықтар)

| Уақыты | Іс-шара атауы | Мазмұны | Бағыты |
|---|---|---|---|
| **Қазан** | Ашық есік күні – «Балабақша өміріне саяхат» | Ата-аналарға ашық сабақтар мен шығармашылық шеберханаларды көрсету | Танымдық, серіктестік |
| **Желтоқсан** | Фото/сурет көрмесі – «Менің Отаным – Қазақстан» | Балалардың патриоттық тақырыптағы шығармашылығын ата-анамен бөлісу | Ұлттық |
| **Ақпан** | Семинар-тренинг – «Отбасындағы тәрбие: ата-ана рөлі» | Ата-аналарға психологиялық және педагогикалық кеңес | Психологиялық |
| **Наурыз** | Мерекелік іс-шара – «Наурыз – бірлік пен береке мерекесі» | Ұлттық ойындар, тағамдар жәрмеңкесі, сахналық қойылым | Ұлттық, бірлік |
| **Сәуір** | Экологиялық акция – «Таза аула – жарқын болашақ» | Балалар, ата-ана, педагог бірлесіп аула тазалау және гүл отырғызу | Экологиялық |
| **Мамыр** | Қорытынды мереке – «Балалық шақ – бақыт әлемі» | Жыл бойғы жетістіктерді көрсету, алғыс хат тапсыру | Шығармашылық, бірлік |

„Балбөбек" бөбекжай-бақшасы" МКҚК

„Балапан" тобы

Хаттама № 1.

2025.10.3.

Қатысуға тиісті: 12 ата-ана

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 2.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарды 2025-2026 оқу жылын жоспарымен таныстыру.

2. Ата-аналар комитетін сайлау.

3. Баяндама „Қауіпсіздік ережелері.

Сөйлегендер:

„Балапан" тобының тәрбиешісі Кенжегулова Болған ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап „Кәне танысайық" тренингін өткізді. Ата-аналарды оқу жылының жоспарымен күн тәртібімен таныстырып өтті. Балаларға қажетті оқу құралдарын жинауларін айтып өтті.

Ата-аналар жарнасын уақытылы төлеп отыруларын айтып өтті.
Топтың ата-аналар комитетін сайлады.
Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Гүлсезім Жайлауқызын

мүшесі:
Толғанай Жумдауқызын

бір ауыздан сайланды.

3. Баяндама „Қауіпсіздік ережелері"

Тәрбиеші Нарынбаева Бибігүл.

Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері балалардың денсаулығы мен өмірі үшін өте маңызды.

Балаларды қараусыз қалдырмау
Әр баланың қайда жүргенін бақылау
Тәрбиешінің рұқсатынсыз топтан шықпау
Отбасымен балабақшаның да мақсат мүддесі бірегей - ол баланың ортақ тәрбиесі.
Баяндама таныстырылып, талқыланды.

Қаулы:

1. Ата-аналармен оқу жоспарымен танысып алдағы уақытта бірлесіп жұмыстар жүргізілсін.

2. Ата-аналар комитетінің төрайымы Гүлсезім Жайлаукызы сайланды.

3. Отбасымен бірігіп балалардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдайлар жасалынсын.

Жиналыс басқарушы: Кенжегулова Б.

Хатшы: Нарымбаева Б.

Хаттама №2.

2025. 15.01

Қатысуға тиісті: 12 ата-ана
Қатысқаны: 8
Қатыспағаны: 4.

Күн тәртібінде:

1. «Баланың дамуы: бірінші жарты жылдың қорытындысы.
2. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» Б. Нарымбаева
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселесі бойынша тәрбиеші Б. Кенжегулова балалардың қатысымы аралық мониторингімен таныстырып

қорытындысы мен таныстырды.

Күн тәртібінде екінші мәселесі бойынша тәрбиеші Б. Жарылбаева «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Бүгінгі тәрбие беру үрдісіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруда отбасы шешуші рөл атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату керек.
Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтар қойып пікірлесті.

Шешім:

1. 1-жарты жылдың қорытындысы «жақсы» деп табылсын
2. Бала тәрбиесін қадағалау жұмыстары ата-ана тарапынан күшейтілсін.
3. Балалардың қатысым, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешілер мен ата-анаға жүктелсін.

Жиналыс басқарушы: Б. Кеңе

Хатшы: Б. Жарылбаева

Хаттама №3.

2025. 30. 04.

Қатысуға тиісті: 12 ата-ана
Қатысқаны : 10
Қатыспағаны: 2.

Күн тәртібінде:

1. Жылдың қорытынды есебі: Нарымбаева Б.
2. Жазғы демалысты балалар қалай өткізу керек! Сұхбат Б. Кенжеқұлова
3. Алдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I-ші мәселеге сәйкес ата-аналар балалардың жылдың қатысымымен салыстырғанда соңғы мониторингі қосылып сапа көтерілді. Ата-аналарға баланың оқу іс-әрекетіне дұрыс қоры бойынша тілдегі, ешқандай себепсіз балабақшадан қалатын тәрбиеленушілердің бар екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша «Жазғы демалысты балалар қалай өткізу керек?» тақырыбында
жова ата-аналармен сұхбаттасты. Балалар жазғы демалыста қараусыз қалмауы айтылды, және де балабақшадан қалдырмау ұсынылды.
Балабақша балалардың жазғы демалысын ата-аналарымен бірлесе ұйым. ұсынылды.
Шешім.

1. Жиналысқа қатысым қортындысы жақсы деп бағалансын.

2. Балалардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру ата-аналар мен тәрбиешіге жүктелсін:

Жиналыс басқарушы: [signature] Б.Кенжегулов

хатшы : [signature] Б.Нарымбаева